

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н.ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ И ПОЛИТОЛОГИИ
КАФЕДРА ПОЛИТОЛОГИИ**



**ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ
ҮДЕРІСТЕР: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**VII-Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
13 сәуір 2017 ж.**

**СОЦИАЛЬНО – ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ
Материалы VII- Международной научно-
практической конференции
13 апреля 2017 г**

Астана, 2017

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нургазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Кандидат философских наук, доцент **М.Я.Мацевич**,
Республика Беларусь

С 69 Социально-политические процессы: проблемы и перспективы.

Сборник материалов VII Международной научно-практической конференции. (13 апреля 2017 г) – Астана, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева.

ISBN 978-601-301-957-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, особенности стратегического приоритета модернизации общества в вопросах человеческого капитала и новые форматы социально-коммуникативных и инновационных процессов.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-301-957-4

УДК 327(063)

*Жанпейісова К.Д.
с.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті.
Астана қ, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР: «ҮШТІЛДІЛІК» МӘСЕЛЕСІ.

Abstract:

The article is carried out by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan trilingual reform analyzed. Measures being carried out by the government and public opinion, and considers the adoption of the reform of the population.

Key words: reform, communication, "stllc", reform, Aylin, orys, Kazakh tlder position.

Бүгінгі қоғамда қызу талқыланып жатқан күрделі мәселе еліміздегі мектептерге үштілді оқытытуды ендіру болып отыр. Қоғамдық пікір екіге жарылып тұр. Бірі ағылшын тілі мен орыс тілінің көлеңкесінде қазақ тілінің жағдайы қиындап, онсызда әрең өмір сүріп отырған тіліміз жойылып кету қаупі жоғары десе, екіншілері, орыс тілі ұлтаралық тіл, ал ағылшын тілі ғылым, білім, техника тілі жаһандық коммуникация тілі еліміздің дамуы үшін, бәсекеге қабілетті ел болуымызға қажет деп есептейді. Аталып отырған мәселені талқылау Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»[1]-деген ұсынысынан бастау алды. Содан бері ұрпағының болашығына алаңдаушылық білдірген әр азамат өз позициясын білдіріп, ойларын талқылауда. Қоғамдағы пікірталас нағыз демократияның белгісі.

Сонымен бірінші пікірге келетін болсақ, әрине халқымыз тарихтың небір қиын-қыстаудан найзаның ұшымен, білектің күшімен ұрпағына сақтап, жеткізген ұлан ғайыр даласы мен қасиетті тілі жаһандық процесте жойылып кетуінен қауіптеніп, алаңдаушылық білдірулері орынды. Ұлтымыздың жанашыр қоғам қайраткерлерінің алаңдаған жан айқайларын түсінуге болады. Осы жылы Алматыда болған жиында зиялы қауым өкілдері мен билік өкілдері осы туралы

ой қозғады. Атап айтсақ, «Математиканы қазақ тілінде оқытуға бола ма?» деген сұрақтың төңірегінде өз ойын білдірген академик Асқар Жұмаділдаев: «Тіл деген не? Тіл — байланыс құралы. Оның бес функциясы бар. Олар: отбасы, ошақ қасы; бизнес; саясат; экономика; ғылым және технология. Біз қазақтың тілі бай дейміз. Сол бай тіліміз орта мектепке білім беруге жарамаса, ол тілдің не керегі бар?! Бүкіл ғылымның барлығы ана тілінде оқытылуы керек...»[2]-деген пікірін білдірді. Демек, академик математиканы ана тілінде оқыту сол тілде ойлайтын бала үшін ыңғайлы және нәтижелі болмақ деген пікірін білдірді. Ал, жазушы Қабдеш Жұмаділов, «Маған біздің билік, біздің мемлекет қазақ ұлтын жоюдың жоспарлы саясатын жүргізіп жатқандай әсер етеді. Ұлтты құртудың бірнеше тетігі бар. Соның бірі — жер. Жерінен айырылған ұлт өздігінен жойылады. Екінші тетік — тіл. Ғасыр басында «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынов бекер айтпаған. Үшінші тетік — тарих. Тарих дегеніміз — халықтың жады. Халықтың жадын, зердесін жойып жіберсе, ұлтты ұстап тұратын ештеңе қалмайды»[2.1]-деп жан айқайын өз көзқарасын жеткізді.

Сондай-ақ, Расул Жұмалы, саясаттанушы, «Тіл — тек қатынас құралы емес. Бұл — ұлтты, мемлекетті қалыптастырушы құрал. Мектеп — тек білім беретін орталық емес. Азаматты қалыптастыратын, оның ұлттық сана-сезімін оятатын орталық. Мұстафа Шоқайдың «Бала қай тілде білім алса, сол ұлтқа, сол мемлекетке қызмет етеді» деген сөзі бар. Үш тілді білім алған бала қазаққа қызмет ете ме, Ресейге қызмет ете ме, әлде ағылшынға ма?»[2] деп өзіндік ойын білдірді. Саясаттанушы сонымен бірге оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет деген пікірін де айтты. Әрине, демократиялық ашық қоғамда талқыға түсіп жатқан еліміздің болашақ дамуын қозғайтын мәселеге азаматтар немқұрайлы қарамай пікірлерімен бөлісулері қуанарлық жәйт. Бұл ойлар халқымыздың қилы заман тарихындағы әртүрлі оқиғалар, онсызда әрең аман қалған тіліміздің жойылып кету қаупінен туындаған пікірлер. Бірақ, жаһандану процесінде Қазақстан Республикасы әлемдік жүйенің бір акторы ретінде қарым-қатынасқа түспей қоймайды. Ағылшын тілі байланыс тілі екені белгілі. Оның үстіне Қазақстан көп ұлт өкілдері өмір сүріп отырған мемлекет. Демек, басқа ұлыстардың да мүдделері ескерілгені жөн. Коммуникация еліміздің саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуының кепілі болмақ. Сондықтан бұл реформаға бірден

қауіптеніп үрке қараудан қарағанда арғы мақсатын елестетіп ойланғанымыз жөн. Яғни реформаның түбегейлі мақсаты Қазақстан республикасының әлем елдерімен терезесі тең, бәсекеге қабілетті мықты мемлекетке айналуы. Осы мақсатқа жеткізетін қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақ. Егер олар сауатты ғылым мен білім, техника, технологияны меңгерген ұрпақ болса мақсаттың орындалғаны. Ата-бабамыздың арманы да осы емес пе. Осыны армандап тарихта небір асылдарымыз өтті. Олардың ешқайсысы ғылымды, тілді білімді теріс деп көрген емес. Бұл жерде қазақ тілінің ақсап қалуы өзге әңгіме. Өйткені өзінің туған тілін қатар алып жүру әр азаматтың парызы екенін жеке адамның түсіну қабілеті мен ішкі түйсігі, жан-дүниесі мен мәдениеті. Осыны жадында әрбір қазақ ұстанса ана тілінің мәселесі туындамас еді. Ендеше қазақ тілін әңгіме қылып көтеріп отырғанымызға әрқайсымыздың үлесіміз бар. Сондықтан, елбасының бүгінгі көтеріп отырған мәселесі көрегендік, ертеңгі күннің еншісін жібермей бүгін ойлану. Ал, тілімізді ұрпағымызға мұра етіп жеткізу Президенттің ғана емес, өзін қазақпын деп есептейтін әр азаматтың парызы.

Енді басты позиция осы реформаны жүзеге асыруды ұсынып отырған тараптың пікіріне тоқталсақ, ескеретін жәйт Президентіміз әуел бастан математика, информатика, химия, биология пәндерін жоғары сыныптарда оқыту керек дегенді ұсынды. Техникалық және жаратылыстану ғылымдарын оқыту үшін, әрине ағылшын тілін бастауыш сыныптардан үйрену керек. Осыған байланысты, мемлекеттік билік тарапынан жүргізіліп отырған «2016-2019 жылға арналған мемлекеттік білім беру бағдарламасы қабылданып, бағдарлама сатылай енгізілуде[3]. 2017-2018 — 2-5 сынып, 2018-2019 жылдары — 3, 6-11 сыныптарға енеді. Бірінші сыныпта барлық пәндер, барлығы тоғыз пән бар, соның барлығы сол сыныптың оқыту тілінде оқытылады. Мектеп қазақ тілді болса, бірінші сыныпта барлық пәндер сол қазақ тілінде оқытылады.

Атқарылған іске сыншы көп. Дегенмен бағдарламаның жүзеге асу барысында білім министрлігінің осынау дағдарыс кезеңінде атқарып жатқан қадамдары аз емес. Атап айтатын болсақ, 2016 жылдың 1-қыркүйегінен бастап бағдарлама еніп жатыр. 2015-2016 жылы бағдарлама 30 мектепте апробациядан өтіп, 3000-нан 40000-ға дейін оқушы қатысты, ауыл, қала мектептері, шағын жинақты мектептер қамтылды. Ата-аналар мен қоғам мүшелерімен кездесулер өткізіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда бірінші

сыныпқа барған бала ағылшын тілін де, орыс тілін де оқиды. Қазақ мектептерінде бұрын бастауыш сыныптарында орыс тілі жүргізілмейтін жаңалық ретінде орыс тілі енгізілген. Жаңа бағдарлама бойынша 9-сыныпты бітірген бала өзінің таңдауы бойынша оқиды. Физика немесе математиканы оқып, жаратылыстану-математикалық бағытты таңдауы мүмкін немесе гуманитарлық бағытқа, химия-биологиялық бағытты таңдауы мүмкін. Мамандар бұл бағдарламаның осы тұсын дұрыс деп санайды. Себебі оқушы болашақта кім болатынын 10-сыныптан бастап анықтайды. 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытылатын болады. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Жалпы білім саласы тек қана ағылшын тілінің ендірілуімен ғана емес, жаппай бағдарламаның күрделенгенін көрсетеді. Билік тарапынан осы реформаның қаншалықты қажет екенін түсіндіргенімен шалғай ауылдағы балалар ағылшын тілін дұрыс меңгермей, ертең дұрыс мамандық таңдай алмай нансыз қалып қиналмай ма деген сұрақ та туындайды.

Мәселені түсіндіруде Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрі Е.К.Сағадиев: «Әлемнің дамыған елдерінің көбі 80-жылдардың ортасында білім берудің жаңа типіне көшу керек деген қорытындыға келді. Ол білімнің санына емес, функционалдық сауаттылығына негізделу керек деді. 1988 жылдан бастап экономикалық әріптестік және даму ұйымының елдері бірінен соң бірі мектептердегі осы жаңа мазмұнға көше бастады. Бұл процесс 90-жылдардың ортасына қарай толық аяқталды. 1997 жылы көп елдер PISA деп аталатын ортақ стандартқа көшу туралы келісімге келді. Міне, 1 қыркүйектен бастап Қазақстан да осы жүйені барлық мектептердің бірінші сыныптарына енгізілді. Жүйені толық енгізуге төрт жыл қажет болып отыр»[4]. Яғни, адамның қаншалықты білімін тәжірибеде пайдалана алатыны маңызды. Министр Назарбаев зияткерлік мектептерін мысалға келтіріп, бұл мектептер өзін ақтап шыққанын және осы мектептердің тәжірибесін барлық республика деңгейінде пайдалану көзделіп отырғанын айтады. Ал, Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап айтқанда, «үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып

отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды[5]- деп «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында басып айтты.


Дегенмен, мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан, осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуіміз керек. Болашағымызды мемлекет болуымызды ойласақ ағылшын тілін үйрену еліміз үшін қажеттілік деп түсінгеніміз дұрыс.

Осы тұста шағын жеке жүргізілген зерттеуге назар аударсақ қоғамдық пікірді байқауға болады. Пікір екіге бөлінеді. Бірақ көпшілік ата-ана балаларының ағылшын тілін бастауыш сыныптан оқығандарына қарыс емес.


Мектеп бағдарламасын "үштілдік" бағытта реформалауды қолдайсыз ба?

Жауап варианттары	
Қолдаймын	50%
Қолдамаймын	50%

Білім алушыларды ағылшын тілінде оқыту қай уақыттан басталғаны жөн деп санайсыз?



Өз балаңызды қай жасынан басқа тілдерге баулығанды дұрыс деп есептейсіз?



Сұрауға қатысушы респонденттер құрамы

Жауап варианттары	Пайыз
Мектеп мұғалімдері	44,4%
ЖОО оқытушылары	33,3%
Студент	11,1%
Мектеп оқушылары	11,1%
Жоғары білімі бар респонденттер	61,1%
Аяқталмаған орта	31,1%
Ер	16,7%
Әйел	83,3%
18-29	33,3%
30-39	16,7%
40-49	27,8%
50-59	16,7%
60+	5,6%

Демек, зертеу нәтижесінен де үштілділік реформасынан қазақ тіліне алаңдаушылық байқалғанымен, жалпы ағылшын тілінің болашақ үшін, еліміздің ғылым, білімінің дамуы үшін қажет екенін халықтың түсінетінін байқауға болады. Осы тұста, «Mtdi.kz» сайтының бас редакторы, Дінмұхамед Аязбеков пікіріне тоқталсақ, оның пікірінше, «Ағылшын тілі — әлемдегі ең кең тараған тіл. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер — Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33%-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 %-ы — француз тілінен, ал 1%-ы ғана неміс тілінен аударылады. Бұл статистикалардан-ақ ағылшын тілін меңгерудің қаншалықты маңызды екенін, ақпарат пен білімнің барлығы да сол тілде екенін

түсінуге болады». Демек, ағылшын тілін меңгерген адам әлемде кез-келген адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік билік тарапынан «Үштұғырлы тіл» реформасы қоғамда пікірталас тудырғанымен, кезең-кезеңімен орындалуды қажет ететін жұмыс. Бірақ қандай жағдайда да ана тіліміздің мәртебесі жоғары болуы қажет екенін қазіргі жастарға да, болашақ ұрпағымызға да ұғындыру парызымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. Астана қаласы, 2006 жылдың 24 қазаны.
2. Үштілділік қазақтың соры ма, бағы ма?//Қазақстан заман газеті. - 11.07.2016
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
4. Ерлан Сағадиев: ҮШ ТІЛДІ ОҚЫТУ – ЖАҢА МИНИСТРДІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ ЕМЕС, ЕЛБАСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ// <http://qamshy.kz/home/show/6240>. 22/04/2016
5. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

*Қалиоллаұлы Дәрмен
саясаттану кафедрасының аға оқытушы
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан*

ЖАҢАҢДАНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Abstract:

This article examines the problems of research and the ways of their solution of information security in Kazakhstan in the light of globalization processes.

Key words: information security, globalization, information.